


«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Түстерді ажыратамыз»



Топтар: Жарқын, Қадам

4. «Түсіне қарай топтастыр» ойыны

Балалар LEGO бөлшектерін немесе сақиналарды түстеріне қарай жеке топтарға жинайды. Әр бала жинаған заттарының түсін атауға ынталандырылады.

Мақсаты: Түстер туралы түсініктерін бекіту, есте сақтау, зейін және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қорытынды бөлім:

Ойын соңында балалармен бірге негізгі түстер қайталанатын. Балалардың орындаған тапсырмалары мадақталып, жағымды кері байланыс беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Балалар негізгі түстерді тануға және ажыратуға, бірдей түсті заттарды сәйкестендіруге дағдыланады. Заттарды түсі, түрі және пішіні бойынша топтастыру қабілеті дамиды. Ұсақ қол моторикасы, көз-қол үйлесімділігі, зейіні мен сенсорлық қабылдауы жетіледі.

Қорытынды:

Жазғы сауықтыру кезеңінде «Түстерді ажыратамыз» тақырыбында сенсорлық ойындар ұйымдастырылды. Балалар түрлі түсті сақиналарды сәйкес түстегі конустарға жинап, LEGO бөлшектерін түсі, түрі және пішініне қарай ажыратып, құрастыру тапсырмаларын орындады. Ойындар балалардың сенсорлық қабылдауын, түстерді ажырату қабілетін, ұсақ қол моторикасын және танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етті.

4. «Түсін тап» ойыны

Маман белгілі бір түсті көрсетіп, баладан сол түстегі затты көзбен табуга, қолымен көрсетуге немесе мүмкіндігіне қарай ұстап алуға ынталандырады.

Мақсаты: Түстерді көру арқылы ажырату, таңдау жасау, зейінін тұрақтандыру және мақсатты қозғалысты белсендіру.

Қорытынды бөлім:

Іс-шара соңында қолданылған түстер қайта көрсетіліп, атаулары қайталанады. Баланың тапсырманы орындауға жасаған әрбір талпынысы мадақталып, эмоционалдық қолдау көрсетіледі.

Күтілетін нәтиже:


Баланың жеке мүмкіндігіне сәйкес түстерді тану және ажырату қабілеті дамиды. Заттарды түсі мен пішініне қарай сәйкестендіруге қызығушылығы артады. Қолды мақсатты бағыттау, затты ұстау, орналастыру және босату әрекеттері ынталандырылады. Көз-қол үйлесімділігі мен сенсорлық қабылдауы қолдау табады.

Қорытынды:


«Түстерді ажыратамыз» тақырыбындағы сенсорлық ойындар балалардың жеке даму және қимыл-қозғалыс ерекшеліктері ескеріле отырып өткізілді. Балалар түрлі түсті сақиналарды сәйкес түстегі конустарға орналастыру, LEGO бөлшектерін түсі мен пішініне қарай таңдау және құрастыру тапсырмаларын орындады. Бейімделген ойындар балалардың сенсорлық қабылдауын, көру зейінін, түстерді ажырату қабілетін, көз-қол үйлесімділігін және мақсатты қол қимылдарын дамытуға бағытталды.







«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: ««Гидрогель әлеміндегі дене сезімдері»»



Топтар: Жарқын, Қадам

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сенсорлық интеграция

Тақырыбы: «Гидрогель әлеміндегі дене сезімдері»

Бағыты: Жазғы сауықтыру ойындары

Балалар санаты: Балалардың церебралды сал ауруы (ДЦП) бар мектеп жасына дейінгі балалар

Мақсаты: Гидрогель түйіршіктерімен сенсорлық әрекет жасау арқылы баланың өз денесін сезінуіне, тактильді қабылдауын және сенсорлық тәжірибесін дамытуға ықпал ету.

Гидрогельмен ойындар – балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуға бағытталған қызықты іс-әрекеттердің бірі. Оның жұмсақ, тайғанақ, серпімді және салқын құрылымы балаға ерекше тактильді әсер беріп, қоршаған ортаны сезім мүшелері арқылы танып-білуіне мүмкіндік береді.

Гидрогельмен ойнау барысында баланың тактильді қабылдауы дамиды, қол мен саусақтардың сезімталдығы артады, ұсақ моторикасы мен көз-қол үйлесімділігі жетіледі. Гидрогельді ұстау, сипау, жинау, ыдыстан ыдысқа ауыстыру сияқты әрекеттер баланың зейінін шоғырландыруға және танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі.

БЦСА бар балалар үшін гидрогельмен қауіпсіз ұйымдастырылған сенсорлық әрекеттер дененің әртүрлі бөліктеріне түсетін тактильді әсерді сезінуге, дене туралы түсінігін қалыптастыруға және жаңа сенсорлық тәжірибе алуға ықпал етуі мүмкін.

ПДТ бар балалар үшін гидрогельмен қол арқылы ойнау түстерді ажырату, заттарды іздеу, сұрыптау және қарапайым нұсқауларды орындау сияқты тапсырмалармен үйлестіріліп, зейін, қабылдау, ұсақ моторика және танымдық дағдыларды дамытуға бағытталады.

Сонымен қатар, гидрогельмен ұйымдастырылған ойындар балалардың қызығушылығын оятып, жағымды эмоциялық көңіл күй қалыптастыруға және сенсорлық іс-әрекетке белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Қауіпсіздік: гидрогель жеуге арналмаған және жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан балалармен жұмыс кезінде гидрогельді ауызға салуға жол бермей, ересек адамның үздіксіз бақылауын қамтамасыз ету қажет.

Міндеттері:

- дененің әртүрлі бөліктеріне түсетін сенсорлық әсерді сезінуге мүмкіндік беру;
- тактильді сезімталдықты ынталандыру;
- дене қалпын сезіну мен кеңістіктік қабылдауды дамыту;
- жағымды эмоциялық көңіл күй қалыптастыру;
- жазғы сауықтыру кезеңінде баланың белсенді демалуына жағдай жасау.

Қажетті құралдар: арнайы қауіпсіз бассейн немесе үлкен ыдыс, гидрогель түйіршіктері, түрлі түсті ірі сенсорлық ойыншықтар.

Ойын барысы:

Педагог баланы қауіпсіз қалыпта гидрогель толтырылған бассейнге орналастырады.

Баланың денесі гидрогель түйіршіктерімен жанасып, әртүрлі тактильді сезімдерді қабылдайды. Педагог баламен жылы қарым-қатынас орнатып: «Қолымызды сезейік», «Аяғымыз қайда?», «Гидрогель жұмсақ па?», «Қолыңмен ұстап көрейік» деген сөздер арқылы баланың назарын дене бөліктеріне бағыттайды.

Бала мүмкіндігіне қарай қолымен гидрогельді ұстайды, саусақтарымен сипайды, аяқтарын қозғалтады. Педагог гидрогельдің ішіне жасырылған ірі ойыншықтарды тауып алуға көмектеседі. Баланың әрбір белсенді қимылы мадақталады.

Қорытынды:

Ойын соңында педагог баланы гидрогельден шығарып, денесін тазалап, жағымды эмоциялық қолдау көрсетеді. «Бүгін біз қолымызбен, аяғымызбен гидрогельді сезіндік» деп іс-әрекетті қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже: Бала әртүрлі тактильді әсерлерді қабылдайды, өз денесінің бөліктерін сезінуге ынталанады, сенсорлық тәжірибесі кеңейеді және жағымды эмоция алады.

Ескерту: Гидрогель ауызға салынбауы және жұтылмауы тиіс. Ойын тек ересек адамның үздіксіз бақылауымен жүргізіледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сенсорлық интеграция

Тақырыбы: «Түрлі түсті гидрогельмен ойнаймыз»

Бағыты: Жазғы сауықтыру ойындары

Балалар санаты: Психикалық дамуы тежелген (ЗПР) мектеп жасына дейінгі балалар

Мақсаты: Гидрогель түйіршіктерімен қол арқылы әрекет жасау барысында тактильді қабылдауды, ұсақ моториканы, зейінді және танымдық белсенділікті дамыту.

Міндеттері:

- қол мен саусақтардың сезімталдығын дамыту;
- ұсақ моториканы жетілдіру;
- түстерді ажыратуға және атауға үйрету;
- зейін мен көз-қол үйлесімділігін дамыту;
- сенсорлық ойынға қызығушылық қалыптастыру.

Қажетті құралдар: түрлі түсті гидрогель түйіршіктері салынған ыдыстар, қасықтар, шағын ыдыстар, қалақшалар, ірі ойыншықтар.

Ойын барысы:

Балалар үстел басында немесе кілем үстінде ыңғайлы отырып, гидрогель салынған ыдыспен танысады. Педагог балаларға гидрогельді алақанымен ұстауға, саусақтарымен сипауға және бір қолдан екінші қолға ауыстыруға мүмкіндік береді.

«Ұстап көр» ойынында балалар гидрогельдің жұмсақтығын және салқындығын сезінеді.

«Түстерді табайық» ойынында педагог белгілі бір түсті көрсетіп, баладан сол түстегі гидрогельдерді табуды сұрайды.

«Жасырынған ойыншықты тап» ойынында гидрогель арасына алдын ала жасырылған ірі заттарды балалар қолдарымен іздеп табады.

«Бір ыдыстан екінші ыдысқа» ойынында балалар қасық немесе қалақша көмегімен гидрогельдерді бір ыдыстан екіншісіне ауыстырады.

Педагог ойын барысында «Қандай түсті?», «Жұмсақ па?», «Қайда жасырынды?», «Тауып көрейік» деген қысқа сұрақтар арқылы баланың сөйлеу және танымдық белсенділігін ынталандырады.

Қорытынды:

Педагог балалармен бірге ойын барысында көрген түстерді қайталап, қандай әрекеттер жасағандарын еске түсіреді. Балалардың белсенділігі мен жетістіктерін мадақтайды.

Күтілетін нәтиже: Балалар гидрогельмен қол арқылы әрекет жасайды, тактильді сезімдерін ажыратуға үйренеді, қолдың ұсақ моторикасы, зейіні және түстерді қабылдау қабілеті дамиды.

Ескерту: Гидрогель ауызға салынбауы және жұтылмауы тиіс. Іс-әрекет педагогтің тұрақты бақылауымен өткізіледі.

СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

